

№ 1 ХАТТАМА

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

«Дарын» мектеп-лицейі»КММ

Өткізілу күні: **2025 жылғы 21 қараша**

Отырыстың төрағасы: Ю.И.Денисевич

Отырыстың хатшысы: Н.А.Аширова

Қатысқан Қамқоршылық кеңесі мүшелері:

Александр Сергеевич Дьяченко

Татьяна Анатольевна Билах

Наталья Ивановна Загибалова

Наталья Алексеевна Пустовалова

Айнур Агибаевна Арыкбаева

Айгуль Калиаскаровна Касенова

Машекер Сапаровна Тулеуова

Ирина Викторовна Путилина

Юлия Ивановна Денисевич

Оксана Николаевна Тарасова

Асель Сарсембаевна Шитканова

Құрметті себеппен келмегендер: жоқ

Шақырылғандар: мектеп директоры Е.З.Мәкен, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары А.К.Кабиденов, әлеуметтік педагог А.О.Николаева.

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыру отырысын өткізу және төраға сайлау.
2. Кеңес қызметінің негізгі бағыттарын айқындау; нормативтік-құқықтық өзгерістермен, әдістемелік ұсынымдармен танысу; мектеп Жарғысын талдау.
3. 2025 жылдың жазында атқарылған жөндеу жұмыстары туралы ақпарат.
4. 2025–2026 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру жоспары.
5. «Мектепке жол» акциясының қорытындылары.
6. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдады: Юлия Ивановна Денисевич - Қатысушыларды Қамқоршылық кеңестің жаңартылған құрамымен таныстырды. Төраға лауазымына Александр Сергеевич Дьяченко ұсынылды.

Дауыс беру нәтижесі:

«Қолдады» – 11, «Қарсы» – 0.

Ю.И.Денисевич 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрықтағы Қамқоршылық кеңес жұмысына қатысты типтік ережелерге енгізілген өзгерістермен таныстырды.

Тыңдады: Е.З.Мәкен, 2025 жылғы жаз мезгілінде мектепте атқарылған жөндеу жұмыстары туралы есеп берді.

Атап айтқанда:

- қосалқы шығу жолдары – 24 152 688 теңге,
- бейнебақылау камералары смарт жүйеге ауыстырылды,
- химия кабинеті (1 дана – 8999,2 т.т.),
- биология кабинеті (1 дана – 8999,2 т.т.),
- екі орындық парта (60 дана – 5550,0 т.т.),
- мұғалім үстелі (6 дана – 720,0 т.т.),
- кеңсе креслосы (7 дана – 370,9 т.т.),
- құжатқа арналған шкаф (6 дана – 2331,8 т.т.),
- интерактивті панель (4 дана – 6357,2 т.т.),
- жалау (10 дана – 135,0 т.т.),

- бір орындық парта (30 дана – 1756,4 т.т.),
- триммер (1 дана – 38,0 т.т.),
- қатқыл диск (1 дана – 116,0 т.т.).

Тыңдады: 2025–2026 оқу жылында Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы бұрынғыдай оқушылардың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиесіне, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік маңызы бар құзыреттерін қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті.

«Адал Азамат» тәрбиелік бағдарламасы жас ұрпақты үйлесімді дамытуға және дәстүрлі қазақстандық құндылықтарды нығайтуға арналған ұлттық бастама болып табылады. Бағдарлама аясында патриотизмді, әлеуметтік жауапкершілікті, елдің мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл бағдарлама оқушылардың рухани, мәдени және моральдық қасиеттерін – адалдықты, үлкендерді құрметтеуді, әділдікті, мейірімділікті, төзімділікті дамытуды көздейді. Маңызды міндеттердің бірі – ұлттық өзіндік сананы, Отанға деген сүйіспеншілікті, Қазақстанның мәдени көптүрлілігі мен этностарына құрметті қалыптастыру.

Сонымен қатар бағдарлама экологиялық сананы арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және балаларды болашақ қоғам өміріне дайындауға бағытталған. Практикалық дағдыларға да басымдық беріледі; олардың қатарына жеке қауіпсіздік негіздері, кәсіби бағдар, сыни ойлау, командада жұмыс істеу, мәселелерді шешу және қазіргі еңбек нарығында қажет өзге де құзыреттер кіреді.

Осылайша, «Адал Азамат» бағдарламасы оқушыларды жан-жақты дамытуды, олардың әлеуметтік белсенділігін, отбасылық және мәдени дәстүрлерге деген құрметін қалыптастыруды, сондай-ақ көпұлтты қазақстандық қоғамда үйлесімді қарым-қатынас орнатуға дайындауды мақсат етеді.

Ағымдағы оқу жылында ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсететін Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы өз жұмысын жалғастырып жатыр.

Тыңдады: А.О.Николаева - 2025 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін мектепте «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілгенін хабарлады.

Акцияның негізгі мақсаты – аз қамтылған, көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы оқушыларға, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті қолдау көрсету. Іс-шараның тағы бір міндеті – әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Акцияны ұйымдастыру жұмыстары алдын ала басталды: мектеп сайтында және әлеуметтік желілерде хабарландырулар жарияланды, сынып жетекшілері арқылы ата-аналарға сыныптық чаттарда ақпарат жеткізілді.

Дайындық кезеңінде әлеуметтік педагог **Анна Олеговна Николаева** ата-аналарға біржолғы материалдық көмек (мөлшері **46 228 теңге**) алу үшін құжаттарды рәсімдеу мәселелері бойынша онлайн-кеңес беріп отырды.

Акция аясында **22 өтініш** қабылданды, көрсетілген көмектің орындалу пайызы – **100%**.

Олардың ішінде:

- АСП алушылар – 9 адам; – АСП алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен – 9 адам; – жетім балалар және ОБПР санатындағы балалар – 4 адам; – ТЖС (ЧС) жағдайындағы балалар – 0; – өзге санат (әріптестік орган шешімі) – 0.
- Біржолғы көмек алғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде барлық ата-ана/заңды өкілдер қаражаттың мақсатты жұмсалғанын растайтын есеп (фото, чектер) тапсырды.

ндады: А.С.Дьяченко - 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары ұсынылып, көпшілік дауыспен мақұлданды.

Шешім

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары қажеттілікке қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:




А.С.Дьяченко

ҚК хатшы:

Н.А.Аширова

ҚК мүшелері:

А. А.Арыкбаева

А. К. Хасенова

✓ Н.С.Пустовалова

И. В.Путилина

Т.А.Билах

Ю. И.Денисевич

О. Н.Тарасова

М.С.Тулеуова

А.С.Омарова

Н.И.Загибалова

